

ҚУ кәсіпорындарында енгізілген университеттің ғылыми әзірлемелері:

- * «Жәйрем КБК» АҚ байыту фабрикасында озық технологиялар деңгейінде орындалған және таспалы конвейерлерде сусымалы материалдарды өлшеудің жоғары дәлдігін қамтамасыз етуге арналған екі арналы таразылардың 4 жиынтығы енгізілді.
- * «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалының «Қазмарганец» кен басқармасының кәсіпорындарында жаңғырту жүргізілді және «Шығыс Қамыс» кенішінде конвейерлік таразылардың үш жиынтығы енгізілді. Ұсақтау-сұрыптау қондырғысында конвейерлік таразылардың екі жиынтығын шеф-монтаждау және ретке келтіру жұмыстары жүргізілді;
- * «Qarmet» АҚ үшін ҚарТУ ғалымдары жер жынысының геомеханикалық жай-күйін ескере отырып, қатты және арқанды анкерлерімен қазбаларды анкерлік бекіту параметрлерін автоматтандырылған есептеу әдістемесі мен бағдарламалық құралдарын қоса алғанда, көмірді жерасты өндірудің өзіндік технологияларын әзірледі;
- * Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру саласындағы ғылыми зерттеулерді «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС және «Қарағанды-Гипрошахт» ЖШС институттары техникалық жобаларға енгізді;
- * «Qarmet» АҚ, «Жәйрем КБК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС, «АҚҚБ Жаңа құрылыс» ЖШС және басқа да ұйымдар үшін ғимараттар мен құрылыстардың тірек құрылыс конструкцияларының техникалық жай-күйіне сараптамалық тексеру және бағалау жүргізілді, оларды күшейту жобалары әзірленді;
- * Құрылыс саласында Қазақстанның барлық өнеркәсіптік кәсіпорындары пайдаланатын: ҚР ҚН 1.04-04-2002 ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйін тексеру және бағалауға; ҚР РДҚ 1-04-15-2004 ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйін техникалық қадағалау ережесіне; ҚР ҚНЖЕ 3.02-29-2004 оқшаулау және әрлеу жабындарына нормативтік құжаттар әзірленді;
- * Маркшейдерия саласында Қоңырат, Ақши-Спасск, Нұрқазған, Саяқ, сондай-ақ Шұбаркөл, Қаражыра, Молодежный карьерлерінде және т. б. көмір разрездерінде 60-тан астам ФЗТКЖ өндіріске енгізілді;
- * Заманауи маркшейдерлік-геодезиялық аспаптарды пайдалана отырып, жоғары дәлдіктегі аспаптық бақылау әдістемелері әзірленді;
- * «Жәйрем КБК» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қазмарганец» АҚ, «Шұбаркөл Көмір» АҚ, «ССКӨБ» АҚ борттарының, карьерлерінің жай-күйіне тұрақты геомеханикалық мониторинг жүргізіледі;
- * ҚарТУ ғалымдары «Еуроазиялық энергетикалық компания» АҚ үшін ең жаңа қайта тиеу құрылысын әзірледі және жасап шығарды, осы құрылысқа реттеу және сынау жүргізілді, оның параметрлері мен шаңсыздандыру тиімділігі анықталды. Сынақ нәтижелері дайындалған құрылыстың жоғары тиімділігін көрсетті.